

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы

Абай облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 қарашадағы № 23/139-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 4 желтоқсанда № 382-18 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01 2025 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексінің 510-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, "Курчатов қаласының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-3-45 болып тіркелген) Курчатов қалалық мәслихатының 2007 жылғы 20 шілдедегі № 35/216-III шешіміне сәйкес, Курчатов қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Курчатов қаласының әкімшілік бағынысындағы шекараларда, бекітілген аймақтарға бөлу сызбасы бойынша елді мекен жерлерінде Салық кодексінің 505-бабында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемесі:

- 1 аймақ бойынша - 50% -ға арттырылсын;
- 2 аймақ бойынша - 50% -ға арттырылсын;
- 3 аймақ бойынша - 50% -ға арттырылсын;
- 4 аймақ бойынша - 50% -ға арттырылсын;
- 5 аймақ бойынша - 40% -ға арттырылсын;
- 6 аймақ бойынша - 40% -ға арттырылсын;
- 7 аймақ бойынша - 40% -ға арттырылсын;
- 8 аймақ бойынша - 40% -ға арттырылсын;
- 9 аймақ бойынша - 30% -ға арттырылсын;
- 10 аймақ бойынша - 30% -ға арттырылсын;
- 11 аймақ бойынша - 30% -ға арттырылсын.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Курчатов қалалық мәслихатының төрайымы

Г. Хусайнова